

FTAMP 02.41.51

Т. З. Құламанова¹ (orcid – 0000-0001-7677-3622) – негізгі автор
Т. Жанкулов² – (orcid – 0000-0001-8019-6055)
Г. Бектлеуова³ (orcid – 0000-0001-6042-8963)

¹Фил. ғылым. канд., проф.

²Философия ғылымдарының кандидаты, профессор,

³Құқықтану магистрі, аға оқытушы

^{1,2,3}М.Х.Дулату атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail: ¹ziba_asilmura@mail.ru, ³bektleyova.85@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/MPDP1275>

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР ТАНЫМЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада шешендік сөздің танымы туралы сөз етіледі. Шешендік сөздердің талаптары, тектері мен стилдеріне, шешендік сөздердің көркемдегіш құралдары мен сапасы туралы айтылған. Мақалада қазақтың Төле би, Қазыбек би, Айтеке би және т.б. шешендік сөздері талданып, рөлі мен маңызы сипатталған. Шешендік сөздің танымы мен аңғартатын ұғымы сөйлеу заңдарынан, шешеннің сөз саптау стилінен, шешендік сөздің негізгі белгілерінен шығарылатындығына тоқталып, қорытынды жасалған.

Тірек сөздер: шешен, би, ұлттық болмыс, ұлттық таным, шешім, тәлім, тәрбие, шешендік тұжырымдар.

Кіріспе. Қазақ халқының шешендік сөздерінің түп-төркіні, бастауы түркілік танымнан басталып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қадір-қасиеттерді бойына жинақтап, ғибратты да көркемдігімен дараланған және айрықша поэтикалық тілімен өрілген халқымыздың рухани дүниесі. «Төле бидің тарихы» дастанында:

Төле би, Қазыбек би, тілді Әйтеке

Асқар тау Қазықұрттай білімді еді.

Бірі- күн, бірі- туған айдай болып

Заманға сәйкесімен келіп еді – дегендей, өз заманының халқының қамын жеген, тарихи есімі мәңгілік өмір сүретін тұлғалар, олардың қоғамдық-саяси қызметі, өмірі қай халықтың да жүріп өткен жолының айнасы екені анық [1].

Негізінен өткенді халық жасағанымен, сол халықты бастайтын да, оның дамуында өздерінің ерекше ізін қалдыратын да жеке тұлғалар.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Ғылымның қай саласы болмасын онда теориялық және практикалық зерттеулердің қажеттілігін объективтік қағида ретінде тарихи, салыстыра, салғастыра, семаникалық, танымдық зерттеуді талап етеді. Өйткені ол кім болсын оның өмірдегі іс-әрекет үрдісінде өмір сүруі, қоғамдағы орны, сіңірген еңбегі, ортасы және т.б. арқылы бағалауға болады. Осындай тұлғалар қазақ тарихында өте көп.

Сол халық өзінің ерекше тұлғалары, даналары, батырлары, қайраткерлері арқылы қоғамда шешуші қадамдар жасайды. Олар қоғамда нақты істері арқылы тарихта қалады. Айта кетсек, қазақ халқының өткеніндегі өз дәуірінің данагөй кемеңгерлері болып танылған - Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Сондай-ақ қазақ халқының азаттығы, еркіндігі, елі мен жері үшін жанын берген, болмысы мен саналы ғұмырын сарп еткен ерекше тұлғалары баршылық.

Сонау ықлым замандардан қазақтың кең байтақ даласындағы әділеттілік, құқықтық низам, ережелердің қолданылуының тарихы тереңде. Тіпті сол кезеңдерде туындаған әдет-ғұрыптары, салт-саналарының нормалары ұлттың сана-сезімнің айғақты көрінісі және құқықтық мәдениеттің іргетасы екендігі анық.

Қазақ халқына әрқашанда ар-ождан қымбат, қадірлі. Олар «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген тәмсілді әрдайым жадында сақтаған.

Зерттеудің нәтижелері. Бүгінгі тақырыбымызға арқау болып отырған дара тұлға, халқымыздың біртуар абыз азаматы, өнбойы тұнған бітімгерлік билік пен шешендік үлгісі болған – Төле Әлібекұлы еді. Биыл Төле би бабамыздың туғанына – 360 жыл.

Төле би Әлібекұлы (1663-1756) қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келген [2].

Төле жастайынан ескіше оқып сауатын ашады. Ол арабша, парсыша тарихи кітаптарды, аңыз, хисса-хикаяларды көп оқиды. Он бес жасында ел билігіне араласып, өзінің ақыл, парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі. Ол жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алған.

Халықтың тұрмыс-тіршілігінде шешендік сөз өнері айрықша рөл атқарады. Қоғам болған соң түрлі оқиғалар мен құбылыстар халық өмірі, тұрмыс-салтында кездесіп отырады. Міне, сонда жауласқандарды татуластыратын да, дауға айналған істі реттеп, бүтіндейтін де, бұра тартқандарды әділетті түзу жолға салатын да, тұралап қалғандардың еңсесін көтеретінде төрелі сөздің қуаты мен құдіреті. Бұл билер сөзі, шешендер сөзі.

Шешендік өнері әрқашан халқымыздың қоғамдық, әлеуметтік өміріне, және саяси-экономикалық жағдайларына қатысты дамып отырған. Қазақ халқының көнеден келе жатырған рухани мәдениетінің жоғалмай, осы дәуірге дейін жетуіне бірден – бір себеп - шешендік өнер.

Қазіргі шешендік өнердегі сөйлеу процесі монолог, диалог түрінде жүзеге асады. Монолог көпішілік қауым арасында диалогқа, немесе ойталқы, пікірсайысқа жалғасады. Ал пікірсайыс түрлерінің тақырыпқа сай мақсаты мен сөйлеу мәдениеті мен ерекшеліктері болады.

Шешендік сөздердің талаптары:

1. Нақты тақырыпта әлеуметтік мәні бар мәселені қозғайтын шаршы топ алдында сөйленетін сөз;
2. Айтылатын әңгіме өзегінің дәлелі мен дәйекті болуы;
3. Тыңдаушыларға мәселені түсіндіріп, ойлантып, әрекетке жетелеп, бағыттау ;
4. Тыңдаушылардың ұйытып, сүйсіндіретін эстетикалық талғам, қасиеті болуы;
5. Шындықты, ақиқатты танып, білуге ұмтылдыру.

Шешендік сөздердің тектері мен стилдері төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Шешендік сөздердің тектері мен стилдері

№	Шешендік сөз тектері	Шешендік сөз түрлері	Стильдері
1	Әлеуметтік-саяси шешендік	Баяндама, үгіт-насихат	Публицистикалық, ресми, ғылыми

2	Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік	Мерейтойдағы тілек, көңіл айту, естірту т.б.	Көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу
3	Академиялық шешендік	Ғылыми баяндама, дәріс	Публицистикалық, ресми, ғылыми
4	Сот ісінде қолданылатын шешендік	Айыптаушы мен қорғаушының сөзі	Публицистикалық, ресми
5	Діни шешендік	Уағыздар мен иман сөздер	Көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу

Шешендік сөздердің тектері мен стилдеріне орай олардың әрқайсысының қоғамда, халық арасындағы түйткілді, таласты, дау-жанжалды, тартысты келісім, ұйғырым, шешім т.б. айту арқылы бір-ақ ауыз сөзбен би, шешендер әділетті түрде шешіп отырған. Мұнда халықтан шыққан билер шешімі сол кездерде де ең алдымен әділетті, құқықтық ұстанымдар арқылы көрініс тапқан.

Ол, мысалы, Төле бидің: «Күш атасы – халықта, қарсы келген хан да, би де оңалмас» – деп айтқан ұлағатты сөздері, ал Майқы би: «Хан – халықтың қазығы, Қараша – ханның азығы. Хан өздігінен өлім жазасын қолданбасын, Өлім жазасын халық өзі шешетін болсын», - деген өсиеті бүгінгі ұрпаққа үлгі екені және кез келген дауды шешуде маңызы бар ғибраттар.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Қазақтардың сонау замандардағы өмірді танып білуі, құқықтық мәдениеті халықтың болмысы, тіршілігіне, тұрмысына, салтына, ұлттық санасына лайықты болды. Яғни, қазақ халқының ерекше тұлғалары, даналары, батырлары, би-шешендері, қайраткерлерінің әдет-ғұрып нормалары ұлттық болмыстың туындысы болды. Қазақтың би, шешендерінің өмірін халыққа үлгі өнеге боларлықтай адамгершілік, ізгілік (гуманистік) көзқарас жақтарын салыстыра-салғастыра, талдай қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Өйткені олардың бойына ақылдың кені дарыған тұлғалар екенін болашақ жастар қабылдап, өмірінің болашақ рухани азығына айналдырып, әділетті, тәуелсіз қазақ қоғамын жалғастырушылар болатынына негіз қалап, дамыту. Бұл өзекті мәселелерде қоғамның қай саласы, бағыты болмасын адами капиталды дамыту, жастардың сана - сезіміне әсер етер ұлылар ғибраттарын танымдық бағытта талдап бойына сіндіре беру.

Абай Құнанбаевтың үшінші қарасөзінде: «...Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолын», Өз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес» болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек...» дейді [3].

Осы «Жеті жарғыны» өзінің тапқыр шешендігімен, салған жерден ойып өз ойын жеткізе білетін, төрелі сөз атып, шешім қабылдай алатын, халқының ішінде «қара қылды қақ жарған әділеттілігін» айта алатын, оны қорғап, жақтайтын ділмар, білгір де ақылды, ғұлама тұлғалар - Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер Өз Тәуке ханның тұсында қоғамдық, әлеуметтік құқық негізін қалауға үлесін қосқан.

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген шешендік сөз тектеріндегі «Сот ісінде қолданылатын шешендік», ал шешендік сөз түрлеріне жататын «Айыптаушы мен қорғаушының сөзі» әрқашан сот процесінде (ісінде) орындаушылардың, яғни сот, прокурор (айыптаушы), адвокаттың (қорғаушы) тіл шеберлігі мен шешендігіне орай шешім, ұйғарым қабылдайды. Әрине, бұл біз сөз етіп отырған билер сөзі мен шешендігінің танымы, ретті жеріндегі «сөз саптауы» мен «сөз тауып» орынды, және ұтымды қолдануында болады.

Бұл мақалада сонымен қатар сөз етіп отырған шешендік сөздердің танымы мәселесіне тоқталсақ, алдыменен таным сөзіне түсінік берсек. Мұнда «таным» деп өзін қоршаған ортаның адам санасындағы мақсатты бағытталған белсенді бейнеленуін айтамыз. Әрбір адам қоршаған ортамен тұрақты түрде ақпараттық алмасу арқылы өзінің іс-әрекеттерін атқарып отырады. Нақтылап айтсақ:

- қабылдау немесе бейнелеу;
- ақпаратты түйсігінде өңдеу;
- шешім, ұйғарым қабылдау;
- сыртқы ортаға бағытта жасалатын іс-әрекет.

Ал танымның бере нәтижелері ақпарат, білім, білік ретінде нақты адамның санасында қалып қоймайды, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.


Танымның екі жолмен іске асады:

- 1) Қоршаған ортаны тікелей танып білу;
- 2) Дүниені, қоршаған ортаны басқа адамдардың немесе басқа ұрпақтардың танымдық іс-әрекетінің нәтижелері арқылы танып-білу.

Шешендік сөздің танымы мен берер ұғымы сөйлеу заңдарынан, шешеннің сөз саптау стилінен, шешендік сөздің негізгі белгілерінен шығарылады. Шешендік сөз танымы мен тағылымын дұрыс ұғу, түсіну, аңғару жастар тәрбиесінде ерекше орынға ие. Өйткені сөз атасының құдіретін білетін – Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сындылар аузынан халыққа тараған шешендік сөздер – тақырыптық, мағыналық, мазмұндылығы жағынан, көкейге қонымды, сананы, адам жадын тәрбиелеуге бейімділігі тұрғысынан, қолданыс тілінің көркем, мәні мен қуаттылығы жағынан әрқашан құндылығын жоғалтпайтын асыл сөз болып табылады.

Мына кестеде шешендік сөздердің көркемдеуіш құралдары көрсетілген.

1 Сурет. Шешендік сөздердің көркемдеуіш құралдары



Мәселен, Төле бидің

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»,
«Қаһарсыздан хан қойсаң, қасиеті болмайды,
Үлгісізден би қойсаң, өсиеті болмайды»,
«Жаңа биден билік сұрама, Жаңа байығаннан қарыз сұрама»,
«Сараң үйге кісің түспесін, Паракор биге ісің түспесін»,

«Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп тұрса игі.
Жаудан бұққан немені,

Ортасына қуса игі» және т.б. халықарасында кеңінен мақал-мәтелге, қанатты сөздерге айналып кеткен шешендік сөздерінде тілдің көркемдеуіш құралдары да орынды қолданылған [3].

Бұл шешендік сөздердің сапасын арттырып, танымдық қасиетін жоғарылатады. Дәлірек айтсақ, төмендегі кестеде берілгендей сөз сапасы Төле би шешендігінде мол кездеседі.

Төмендегі кестедегі шешендік сөз сапасы сөз дәлдігі, ой жүйелілігі, сөз дәйектілігі, сөз байлығы, сөз айшығы, сөз әуезділігі, сөз түсініктілігі, ой жүйелілігі, тіл тазалығы жатады. Қазақ жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдана айтудамыз.

Сурет 2. Шешендік сөз сапасы



Осы жоғарыдағы қазақ даналығының айғағы іспеттес тарихы ежелден бастау алатын ұлттық құндылықтарымызды айқындаған, халықтық дәстүрді саралаған тілі ділмәр, шешендердердің ішінде сөзі ерек Төле биді айтуға болады.

Сондай-ақ Майқы би Мәнұлынан (Айса пайғамбардың тұстасы) бастап, Майқы би Төбейұлы (1105-1225 жылдар шамасы), Аяз би Жаманұлы (11-12 ғ.), Мөңке би (1207-1250), Едіге би (1354-1419), Бәйдібек би (1356-1419 жылдар шамасы), Әз Жәнібек (1406-1473), Жиренше шешен, Шоған би (1584-1642), Әсет би (1676-1723), Асан қайғы, Төле би, Қазыбек би, Айтеке би, Мамырбай би, Мөңке би, Айдарбек би (шекаралық сот), Қадір-Тайжан, Тоқсан, Жанкісі, Антайлақ, Бөлтірік, Сары, Сырлыбек, Бала би, Ноғайбай, Саққұлақ, Бапан, Шоң, Шорман, Байдалы, Қараменде, Зіл-қара, Алшынбай,

Асаубай сынды т.б. қазақ шешен, билерінің әрқайсысының өзіне тән айрықша басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті ел арасындағы жер дауы, жесір дауы, тартыс, жанжалдарды әркез мағыналы да жүйелі шешендік сөздерімен шешіп отырған.

Бүгінде ел арасында кеңінен танылған Төле бидің бұл айтқан бітімінде

«Атадан ұл туса игі,

Ата жолын қуса игі.

Өзіне келер ұятын,

Өзі біліп тұрса игі.

Жаудан бұққан немені,

Ортасына қуса игі! – дегені жауға тізе бүкпеңіздер, бұл не деген сұмдық, шырық бұзғандарды қудырып, тағы айтқаны:

Уа, көлісе шабар жерің бар.

Ту көтерер ерің бар.

Қол боларлық елің бар,

Атадан қалған жолың бар.

Құлдық ұрсаң дұшпанға

Арылмайтын сорың бар...

Құлдық ұрсаң дұшпанға

Еркек болып туды деп

Мына сені кім айтар? [3].

Осы тұста Төле бидің халық арасында елін, жерін қорғайтын азаматтар, ер, батырларының бар екендігін, халықтың алауыз болмауын және сонша кең байтақ жерінді сыртқы жаудан қорғау қажет екендігін айтады. Егер мойын ұсынып, жауға берілсек, «сормандай» болатындығын ескертеді. Халқын қайрайды, өз елінің патриоты болуға, оны ауызбіршілікпен қорғауға үндейді. Жалпы, «Атадан қалған сара жолмен» жүріп келеміз және ары қарай да ата-баба үмітіне үкі таға отырып, болашақ ұрпақты халық қазынасымен сусындату арқылы сөзбен емес, іспен елін сүйетін ұлтжанды ұрпақты қалыптастыруымыз керек.

«Атадан ұл туса игі» - бұл жолда Төле бидің «ата» деп отырғаны - кез-келген ер, «ұл» - ат тізгінін ұстар азамат. Бұл жерде отбасының жалғасы, әке жолын, шаңырақты ұстап отыратын бір ер азамат «ұл», «жігіт» деген атқа лайық болуы тиіс.

Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген. Былайша айтқанда, қазақ ері «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат. Ер-азамат – ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. Енді ол «ұл» болып туылғаннан кейін «Ата жолын қуса игі». Қазақ жігітінің бойына тән қасиеттердің ішіндегі ең ұлысы да осы – Атасының «ұлы» болу. Қазақ ер баланы «шаңырағымның иесі» деп қастерлеген. Ер бала туғанда «қамшы ұстарым» дегенінің өзі ұрпағының өз жолын қуатын мұрагері болса екен деген арманы болатын. «Ата жолы» қазақ үшін киелі де қастерлі. Атадан қалған салт-дәстүр, әдеп, тәрбие - баланың азығы.

Сонымен қатар оның «Бақ қайда барасың – ынтымаққа барамын» деген Әнет бабамен кездесуіндегі төрелі сөзінің де танымдық мәні өте зор [4].

Қорытынды. Соныменен қазақ халқының баршасы ардақтап, Төле би бабамыздың өз қоғамы мен ел алдындағы жасаған еңбегіне, халықтың қамын ойлаған қасиетті де ұлы істеріне сөз жеткере баға беру қиын. Олардың бүгінгі күні бізге берер үлгі өнегесі көп.

Қазақстанның өркениетті елдер қатарына қосылып, өсіп-өркендеуінің негізі жастар қолында. Олай дейтін себебіміз, еліміздің дамуының жаңа кезеңінде тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуына білімді де тәрбиелі, өнерлі де өнегелі жастарды қалыптастыру мақсат пен міндет. Қазіргі кезде елімізде жастар арасындағы құқықтық сана мен тәрбие, білім, біліктілікті өмір талабына сай етіп жетілдіре дамыту қажеттілігі зор.

Қазір кезең ақпараттар заманы, ақпаратты қоғам өмірде жаңа үрдістерге жол ашты, шешендіктің жаңа түрін туғызды. Қазіргі шешендіктің ең басты міндеті - ұлттың рухани міндетін өз бойына сіңірген, қоғамдағы болып жатырған заманауи өзгерістерді әркез ақыл-ой зердесінен өткізіп, ойтұжырымымен қорытындысын жасай білетін, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, көпшілік алдында шығып, шешіле сөйлеп өз ой-пікірін саналы түрде қорғай алатын, жұртшылыққа ой, идея тастап іске жұмылдыра алатын қабілетті шешен тәрбиелі, айтар ойы бар жастарды қалыптастыру.

«Адамның ғұмырын соты мен қарауылы жоқ заманда бір-ақ сөз өзгерте аларын білген би – шешендеріміз, толағайдай толғанып әділдікті орната білген екен» [5]. Ал Б.Адамбаевтың: «Шешендік сөз дегеніміз - кейде билердің дау үстінде көркем тілмен, көрікті оймен айтылған айыптау, ақталу, немесе билік, төрелік сөздері. Бірақ, бұл әдеби жанр мұнымен шектелмейді, ойға ұста, тілге шебер адамдардың біреуге, қауымға арналған ақыл-кеңестерін, өсиет-насихаттарын, бата, тілектерін және қазалы, қайғылы адамдарға айтқан естірту, жұбату сөздерін, қоғам өмірі, табиғат құбылысы туралы ойланас-толғаныстарын да қамтиды» деп дәл айтылған тұжырымы бар [6].

Бүгін егемен ел болып, тәуелсіздік туын көкте желбіретіп отырғанымыз, ата-бабадан аманат болып қалған жерімізде «басымыз аман, бауырымыз бүгін» жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ, Сіз бен біз осы бабаларымыздың аруағының алдында бас иеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қапалбекұлы, Н. Өз Төле би [Мәтін] / Н.Капалбекұлы, М.Қазыбек, М. Қожакеев // Төле бидің 350ж. арналған республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2013. - 432б.
2. Төле би Әлібекұлы [Электронды ресурс]. – кіру режимі: <https://iie.kz/?p=25069> Жүгінген күні: 15.11.2023
3. Құнанбаев, А. Үшінші қарасөз [Электронды ресурс]. – кіру режимі: <https://abai.kz/post/> Жүгінген күні: 15.11.2023
4. Есхожин, І. Шешендік шиырлары: (Шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы [Мәтін] / І.Есхожин. – Алматы: Қайнар. -1993. - 240б.
5. Қазақтың би шешендері [Электронды ресурс]. – кіру режимі: <https://www.tarbie.kz/27862> Жүгінген күні: 15.11.2023
6. Адамбаев, Б. Алтын сандық. [Мәтін] / Б.Адамбаев. - Алматы: «Жазушы» баспасы, 1989. -200 б.

Мақала редакцияға 21.12.23 түсті.

З. Құламанова¹, Т. Жанқұлов², Г. Бектлеуова³

^{1,2,3}Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

ПОЗНАНИЕ КРАСНОРЕЧИЯ

Аннотация. В этой статье речь пойдет о познании ораторского искусства. Речь идет о требованиях, родах и стилях ораторского искусства, о художественных средствах и качестве ораторского искусства. В статье проанализированы и описаны роль и значение казахских ораторских слов Толе би, Казыбек би, Айтеке би и др. Сделан вывод о том, что познание и толкование ораторского слова исключаются из законов речи, стиля ораторского слова, основных признаков ораторского слова.

Ключевые слова: оратор, танец, национальное существо, национальное познание, решение, учение, воспитание, ораторские умозаключения.

Z. Kulamanova¹, T. Zhankulov², G. Bektleuova³

^{1,2,3}M. Kh. Dulaty Taraz regional university, Taraz, Kazakhstan

ORATORY COGNITION

Abstract. In this article, we will talk about the knowledge of public speaking. We are talking about the requirements, types and styles of public speaking, about artistic means and the quality of public speaking. The article analyzes and describes the role and meaning of the Kazakh oratorical words Tole bi, Kazybek bi, Aiteke bi, etc. It is concluded that the cognition and interpretation of the oratorical word are excluded from the laws of speech, the style of the oratorical word, the main features of the oratorical word.

Keywords: orator, dance, national being, national cognition, decision, teaching, education, oratorical conclusions.

References

1. Kapalbekuly, N. A. Tole bi [Tole bi] [Text] / N. Kapalbekuly, M. Kazybek, M. Kozhakeev // materials of the Republican scientific and practical conference dedicated to the 350th anniversary of Tole bi. - Almaty, 2013. – 432 p.
2. Tole bi Alibekovich [Tole bi Alibekovich] [Electronic resource]. - Access mode: <https://iie.kz/?p=25069> date of application: 15.11.2023
3. Kunanbayev, A. Ushinshi kara soz [The third review] [Electronic resource]. - Access mode: <https://abai.kz/post/> / date of application: 15.11.2023
4. Eskhozhin, I. Sheshendik shiylary [Oratory Scrolls: (collection of oratory words, sayings and reflections)] [text] / I. Eskhozhin. - Almaty: Kainar. -1993. – 240 p.
5. Kazaktyn bi sheshenderi [Kazakh orators] [electronic resource]. - Access mode: <https://www.tarbie.kz/27862> date of application: 15.11.2023
6. Adambayev, B. Altyn sandyk [Golden chest]. [Text] / B. Adambayev. - Almaty: Zhazushy, 1989. -200 p.